


- ▶ Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда: 1) ел экономикасының типі; 2) жерінің ауданы және оның игерілу деңгейі; 3) халқының саны мен еңбек ресурстарының құрылымы; 4) жалпы жиынтық өнімнің (ЖЖӨ) көлемі мен құрылымы; 5) халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы; 6) елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны сияқты маңызды көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады.

Дүние жүзінің экономикалық картасы




17-сурет. Дүниежүзіндегі ірі ұлтараалық бірлестіктер

Дүниежүзілік шаруашылық

- ▶ 1. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚҚА ЖАЛПЫ ШОЛУ
- ▶ Елдерің даму деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштер: жалпы жиынтық өнім.
- ▶ Жалпы жиынтық өнім: жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ).
- ▶ Өртүрлі елдердегі ЖІӨ көлемінің көрсеткіштері алшақтық жасамс үшін бірығай бірлік АҚШ доллары пайдаланылады.

ЖІӨ көлемі жоғары елдер, 2012 ж.



млрд АҚШ доллары

- ▶ Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші ескеріледі:

Жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіштері, 2012 ж.

Алдыңғы қатарлы елдер	ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ доллары	Мешеу елдер	ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ доллары
Катар	102 211	Эритрея	777
Люксембург	79 785	Либерия	673
Сингапур	60 410	Бурунди	625
Норвегия	55 009	Зимбабве	559
Бруней	54 389	Конго Демократиялық Республикасы	369

Қазақстанда 2012 жылы сатып алу қабілетін ескергенде ЖІӨ көлемі ресми бағам бойынша 233 млрд АҚШ долларын құрады, оның жан басына шаққандағы көрсеткіші 13 893 долларға тең болды.

Дамыған елдер

```
graph TD; A[Дамыған елдер] --> B["“Үлкен жетілік” елдері"]; A --> C["Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері"]; A --> D["“Қоныс аударған капитализм” елдері"]; B --- B1["(АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Канада, Ұлыбритания)"]; C --- C1["(Люксембург, Австрия, Швейцария, т.б.)"]; D --- D1["(Аустралия Одағы, Жаңа Зеландия, Израиль, ОАР)"];
```

“Үлкен жетілік” елдері

(АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Канада, Ұлыбритания)

Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері

(Люксембург, Австрия, Швейцария, т.б.)

“Қоныс аударған капитализм” елдері,

(Аустралия Одағы, Жаңа Зеландия, Израиль, ОАР)


- ▶ Шаруашылықтың құрылымына байланысты: **Дамыған елдер**, **Өтпелі экономика тән елдер**, **Дамушы елдер**
- ▶ **1. Дамыған елдер** тобына нарықтық экономика тән, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымына(Париж клубы) мүше елдер.
- ▶ Оларға:
- ▶ **Батыс Еуропаның капиталистік елдері:** АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания, Канада
- ▶ **Қоныс аударған капитализм елдері:** Аустралия одағы, Израиль, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Республикасы
- ▶ **2. Өтпелі экономика тән елдер:** Қытай, Моңғолия, Вьетнам, Лаос, Куба. Социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылуда.
- ▶ **3. Дамушы елдер:** саны жағынан өте көп. Барлығы Азия, Африка, Латын Америкасында орналасқан. Мешеу елдер мен дамыған елдер асарсында жүрген елдер.

Дамушы елдердің негізгі топшалары және олардың басты ерекшеліктері

Елдер топшасы	Құрамы	Ерекшеліктері
Жетекші дамушы елдер	Қытай, Үндістан	Халық санының көптігі; арзан еңбек ресурстары; экономикалық әлеуетінің жоғарылығы; жан басына шаққандағы экономикалық көрсеткіштердің төмен болуы; шаруашылық құрылымының күрделілігі; бай мәдени қор
Жаңа индустриялық елдер	Корея Республикасы, Малайзия, Сингапур, Тайвань, Таиланд, Филиппин, Бразилия, Мексика, Аргентина	Шетел инвестициясы мен жоғары технологиялар, арзан жұмыс күші есебінен экономиканың, әсіресе өнеркәсіптің жоғары қарқынмен дамуы
Плантациялық шаруашылық елдері	Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Куба, Никарагуа, Сальвадор, Доминика Республикасы, Гаити, Шри-Ланка	Агроклиматтық жағдайлардың қолайлылығы; шетел қаржысының басымдылығы; саяси жағдайдың тұрақсыздығы; халықтың өл-аукатының төмендігі
Мұнай экспорттаушы елдер	Парсы шығанағы елдері, Ливия, Венесуэла және т.б.	Жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жоғары болуы; жаңа технологиялардың енгізілуі; қаржы экспорты
“Жалға пәтер беруші” елдер	Мальта, Кипр, Бахрейн, Либерия, Багам аралдары, Барбадос, Панама	Халықаралық маңызды көлік жолдары тоғысында орналасуы; салық жеңілдігі; рекреациялық ресурстар; қаржы және қызмет көрсету орталықтарының қалыптасуы
Даму деңгейі төмен елдер	Мұхит аралдары, Африка, Азияда орналасқан 48 ел	Экономикалық даму деңгейінің және жан басына шаққандағы табыстың өте төмендігі; табиғи өсудің жоғарылығы; аграрлық сектордың басымдылығы; әлеуметтік жағдайдың нашарлығы

2. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ӨНЕРКӘСІП

- ▶ Өнеркәсіп орналасу факторлары:




- ▶ **Отын энергетика**
- ▶ Дүниежүзілік отын энергетика балансында **көмір** ұзақ уақыт бойы жетекші орында келіп, ХХ ғасырдың басында жетекші орынға мұнай шықты.
- ▶ Көмір экспортында Аустралия, ОАР, АҚШ жетекші орын алса, импортында Батыс Еуропа елдері мен Жапония басымдылық танытады.
- ▶ **Мұнай** 1960 жылы мұнай экспорттайтын дамушы елдер одағы құрылды, ОПЕК. Негізгі мақсаты мұнай өндіруді халықаралық дәрежеде дамыту.
- ▶ ДЖ Жан басына шаққандағы мұнайды көп өндіретін мемлекет Кувейт.
- ▶ Ал ДЖ жалпы мұнайды ең көп өндіретін Сауд Арабиясы.

Дүниежүзіндегі басты мұнай өндіретін елдер, 2011 ж.
(Халықаралық энергетикалық агенттік мәліметі бойынша)



Дүниежүзіндегі жетекші газ өндіруші елдер




- Ресей – 21%
- АҚШ – 20%
- Канада – 5%
- Катар – 4,5%
- Иран – 4,5%
- Басқа елдер – 45%

- ▶ **Электр энергетикасы**
- ▶ **ЖЭС** бойынша шикізат көзіне және тұтыну орталықтарына жақын орналасады, ДЖ энергияның 63% береді.
- ▶ **СЭС** ДЖ энергияның 5\1 пайызын береді. Бұл энергияны пайдаланудан АҚШ, Ресей алдыңғы орында, ноооо жан басына шаққанда Норвегия 1 орында.
- ▶ **АЭС** бойынша ДЖ өндірілетін энергияның (17%) береді: Францияда (74%),

Жан басына шаққанда электр энергиясын өндіру, 2010 жыл (кВт/сағ)

Көп өндіретін елдер	Мөлшері	Аз өндіретін елдер	Мөлшері
Норвегия	25 036	Танзания	90
Канада	16 930	Уганда	67
Швеция	15 206	Эфиопия	56
АҚШ	13 100	Сомали	30
Аустралия	10 371	Бурунди	14


Электр энергиясын өндірудегі жетекші елдер, 2011 ж.





- ▶ **Қара металлургия**
- ▶ **Темір** мол қорлары: Бразилия, Аустралия, Қытай, Үндістан.
- ▶ **Болат** өндіруден Жапония ДЖ 1 орында. Ол темір мен коксті сатып алады.
- ▶ **Шойын** өндіруден Қытай 1 орында, шикізат жетеді өздерінде.
- ▶ **Түсті Металлургия**
- ▶ **Алюминий** барлық түсті металлургияның жартысын алып жатыр.
- ▶ Алюминий өндірудегі негізгі фактор **арзан энергия**.
- ▶ **Боксит мол қоры:** АУСТРАЛИЯ, Гвинея, Ямайка, Бразилия.
- ▶ **Мыс** : Чили, АҚШ, Канада, Замбия, Конго демократиялық республикасы.
- ▶ **Тазартылған мыс өндіруден:** АҚШ, Ресей, Жапония
- ▶ Қазақстан мысын Қытай сатып алады.


Темір кені қорларының таралуы





- ▶ **ДЖ Машина жасау**
- ▶ Дамыған елдерде орналасқан : (Дженерал Моторс, Форд Мотор, Дженерал Электрик, АҚШ), (Даймлер крайслер, Сименс, ГФР), (Мицуи, Мицубиси,Тойота Мотор, Жапония)
- ▶ **Электр техникасын жасау бойынша:** Жапония,АҚШ, Азия индустриялы елдері, Қытай,Батыс Еуропа
- ▶ **Көлік машинасын жасау:** Автомобиль, аэроғарыштық,жүк машиналары, автобустар.
- ▶ **Жалпы машина жасау:** күнделікті тұрмыстағы машиналар, атом реакторы, металлургия комбинат жабдықтарын АҚШ, Германия, Жапония жасайды.
- ▶ Швейцария **сағат** шығарады
- ▶ Жапония мен Корея аса **ірі станок** шығарады.

Жеке елдердегі автомобиль өндірісі, 2012 ж.



млн дана

- ▶ Химия өнеркәсібі
- ▶ ДЖ жетекші саласы ПОЛИМЕР
- ▶ Химия өнеркәсібінің ғылымды ең көп қажет ететін саласына дәрі – дәрмек жасау саласы жатады. Көп өндіретін елдер: АҚШ, ГФР, Ұлыбритания мен Жапония.
- ▶ Жеңіл өнеркәсіп:
- ▶ Құрылымы жағынан шартты түрде бірнеше сатылы өндірістен тұрады :
- ▶ шикізат өндірісі (мақта талшығын алу , теріні бастапқы өңдеу) ;
- ▶ жартылай дайын өнімдер өндірісі (жіп иіру , тоқыма , бояу , елтірі) ;
- ▶ дайын өнімдер шығару (тігін өндірісі , кілем тоқу , аяқкиім) .
- ▶ Қазіргі кезде әсіресе дайын өнім өндірісі жедел қарқынмен дамуда .

▶ **Тоқыма өнеркәсібі**

- ▶ табиғи және жасанды талшықтар негізінде жұмыс істейді.
- ▶ Жалпы алғанда , мақта маталарын өндіретін кәсіпорындар жұмыс күші арзан дамушы елдерде (әсіресе Азиядағы) , неғұрлым қымбат жүн маталарын тоқу дамыған елдерде , сонымен қатар Қытайда шоғырланған .

▶ **Тамақ өнеркәсібі:**

- ▶ **Балық** өнімдерін сыртқа сатуда Чили мен Перу , Бразилия , Колумбия .
- ▶ Индонезия Мексика **кофені** ;
- ▶ Үндістан , Қытай , Кения , Шри - Ланка **шайды** ;
- ▶ Үндістан Бразилия , Куба **канты экспорттауда** алдыңғы орында.


3. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

- ▶ Дүниежүзінде экономикалық белсенді халықтың (ЭБХ) 46% осы салада еңбек етеді.

Ауыл шаруашылығында еңбек ететіндер үлесі

Аймақтар	Жұмыс істейтіндер саны, млн адам	ЭБХ-ның ауыл шаруашылығында істейтін бөлігі, %	Дүниежүзі бойынша ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер санындағы жеке аймақтар үлесі, %
Азия	1034	57,5	79,1
Африка	190	58,7	14,5
Солтүстік Америка	21	9,2	1,6
Оңтүстік Америка	27	18,8	2,1
Еуропа (Ресеймен бірге)	33	9,3	2,5
Аустралия мен Мұхит аралдары	3	19,0	0,2
Дүниежүзі	1308	45,6	100,0

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер үлесі жоғары елдер



ЭБХ санындағы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер үлесі

1. Эфиопия – 83,2%
2. Мьянма – 72,1%
3. Вьетнам – 69,3%
4. Қытай – 68,0%
5. Үндістан – 60,5%
6. Индонезия – 53,2%
7. Бангладеш – 48%
8. Пәкстан – 44,7%
9. Таиланд – 42,5%

Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары
(Н.И. Вавилов пен В.В. Вольский бойынша)

Орталықтар	Басты мәдени дақылдар	Үй жануарлары мен құстары
Жерорта теңізі	Арпа, зығыр, жүзім, апельсин, зәйтүн, құрма	Ешкі, қой, ірі қара
Оңтүстік-Батыс Азия	Бидай, қарабидай, арпа, сұлы, кендір, бұршақ, қызылша, жүзім	Ірі қара, жылқы, бактриан (екіөркешті түйе), ешкі, қой, үйрек
Оңтүстік Азия	Күріш, бидай, кант құрағы, мақта, джут, шай, кокос пальмасы	Ірі қара (буйвол, зебу), үйрек, қаз
Шығыс Азия	Күріш, қытайбұршақ, қытайтары (гаолян), арпа, тары, шабдалы, өрік	Қодас, шошқа, жібек көбелегі
Оңтүстік-Шығыс Азия	Күріш, ямс, тары, банан, кант құрағы	Шошқа, тауық
Эфиопия	Бидай, арпа, құмай жүгері (сорго), тары, кофе, мақта, банан	Дромедар (бірөркешті түйе), есек
Батыс Африка	Күріш, тары, ямс, май пальмасы, қарбыз, қауын	Шошқа
Орталық Америка	Жүгері, маниок, батат, жержаңғақ, какао, мақта, темекі	Күркетауық, үй қояндары
Анд тауы	Жүгері, картоп, асбұршақ, мақта, құнбағыс	Лама, альпака



- ▶ **Өсімдік шаруашылығы**
- ▶ **Дәнді дақылдар**
- ▶ **Бидай:** ең басты дақыл, Н.И.Вавилов тапқан, шыққан ошағы Азия мен Жерорта теңіз жағалауы.
- ▶ Өсіруші елдер: Қытай, АҚШ, Үндістан.
- ▶ **Күріш:** тропиктік дақыл. Шыққан жері Қытай.
- ▶ Күріштен жылына 2 рет өнім жинайтын елдер: Қытай, Үндістан, Жапония, Индонезия, Египет
- ▶ **Жүгері(маис)** өндіруші елдер: АҚШ, Қытай, Латын Америкасы, Бразилия, Мексика, Ұлы көлдер аумағы
- ▶ АҚШта жүгеріні көп өндіретін штат Айова.

▶ **Техникалық дақылдар:**

▶ **Майлы дақылдар**

▶ Майлы дақылдар Жер шары халқының тамақ құрамында дәнді дақылдардан кейін екінші орын алады . Маңызды түрлері : / қытайбұршақ , жержаңғақ , зәйтүн , күнбағыс . Бүкіл пайдаланылатын майдың 2 / 3 - сі осы өсімдіктерден алынады . Қытайбұршақ өндіруден АҚШ бірінші орында , одан кейін Бразилия мен Аргентина . Жержаңғақ өсіруден Үндістан , зәйтүннен Италия , ал \ күнбағыс өсіруден Ресей алдыңғы орында .

▶ **Қантты дақылдар**

▶ егізгі өндірушілері — Бразилия , Үндістан , Қытай . Қант қызылшасы коңыржай елдеудің дақылы , оның басты өндірушілері - Франция , АҚШ , Ресей , Украина және т . б . , яғни коңыржай белдеу елдері .



- ▶ **Талшықты дақылдар**
- ▶ маңыздысы - макта .
- ▶ Макта егісінің аткабы мен макта жинау жөнінен бірінші орынды ежелден макта өсірушілер Азия елдері , екінші орынды Америка , үшінші орынды Африка елдері иеленеді .
- ▶ Басқа талшықты дақылдар — **зығыр** мен **джуттың** таралу аймағы анағұрлым шектеулі .
- ▶ Дүниежүзілік **зығыр** өндірудің 3 / 4 бөлігі Ресей мен Беларусь Республикасына , ал джут өндіру Үндістан мен Бангладештің үлесіне тиеді .
- ▶ **Табиғи каучук** беретін гевея ағашының плантациялары Таиланд , Индонезия Малайзияда ерекше көзге түседі .

▶ Крахмалды дақыл

- ▶ Крахмалды дақылдардың ішіндегі маңыздысы да , көп таралғаны да Картоптың отаны – Оңтүстік Америка , бірақ қазір қоңыржай белдеу дақылына айналып отыр . Картоп жинаудан бірінші орынды Ресей , екінші орынды Польша , үшінші орынды Қытай алады .
- ▶ Сергітпе дақылдарға шай , кофе және какао жатады .
- ▶ Шайдың отанын Қытай . Дүниежүзінде жиналатын шайдың 4 / 5 - ін Үндістан , Қытай және Шри - Ланка өндіреді . Ал субтропиктерде шай Грузия жерінде өсіріледі .
- ▶ Кофенің отаны Африка , қазір оның түсімінің 2 / 3 - сін Латын Америкасы елдері , әсіресе Бразилия мен Колумбия береді .
- ▶ Какао керісінше Америкадан шыққан , қазір оның негізгі Африканың Гвинея жағалауындағы елдер . Жетекші елдер қатарына Кот - д'Ивуар , одан кейін Бразилия , Гана , Индонезия мен Нигерия жатады .
- ▶ Дәмтатымдық дақылдар (калампыр , бұрыштар , зире , лавр , күнжіт , корица ваниль , кардамон , түрлі жаңғақтар) субтропиктік , тропиктік аймақтарда жаппай өсіріледі .

- ▶ **Бақша және жеміс - жидек шаруашылығы .**
- ▶ Жеміс - жидекті көп өндіретін елдер қатарына Қытай , Үндістан , Бразилия , Италия жатады .
- ▶ **Жүзім өсіру** Жерорта теңізі жағалауындағы елдерде ерекше дамыған .
- ▶ **Жүзім жинаудан** Италия , Франция , Испания және АҚШ көзге түседі
- ▶ **Цитрус өсіру** де АҚШ , Бразилия , Испания , Италия , Қытай мен Жапония сияқты субтропиктерде орналасқан елдерге тән .
- ▶ **Банан** - азиялық жеміс , Жетекші елдерге Үндістан , Эквадор , Бразилия , Филиппин және Мексика жатады .

- ▶ Мал шаруашылығы
- ▶ Ірі қара өсіру
- ▶ Қоңыржай белдеудің табиғи және мәдени жайылымдармен жақсы қамтамасыз етілген орман , орманды дала , дала аймақтарында жақсы жолға қойылған. Өндірілетін сүттің барлығын дерлік , ал еттің 35 % - ын осы ірі қара малы береді .
- ▶ Дүниежүзінде екі ең көп өндіретін елдер қатарына АҚШ , Қытай , Бразилия және Ресей жатады
- ▶ Сүт өндіруден АҚШ , Ресей Үндістан , Бразилия және Батыс Еуропа елдері ерекше көзге түседі
- ▶ Африкада , әсіресе оның тропиктік аймақтарында ірі қара саны өте аз . Оның басты себебі - ұйқы ауруының қоздырғышын тарататын цеце шыбыны . Сондықтан мұнда бұл ауруға шалдықтайтын зебу өсіріледі .

▶ Шошқа шаруашылығы

▶ Дүниежүзілік ет өнімінің 40 % - ға жуығын береді. Дүниежүзіндегі шошқа санының жартысына жуығы Азияға , оның ішінде , ең алдымен , Қытайға келеді .

▶ Сонымен қатар АҚШ , Бразилия , Германия , Ресей , Польша елдерінде де шошқа шаруашылығы жақсы дамыған.

▶ Қой шаруашылығы

▶ Ет - жүн бағытындағы және биязы , жартылай биязы жүн бағытындағы болып бөлінеді .

▶ Дүние : жүзіндегі қойы ең көп ел - Аустралия (130 млн - нан астам) , одан кейін Қытай (112 млн - нан астам) .

▶ Көбінесе жоғары сапалы жүн беретін жүнді қой тұқымы – аустралия мериносы өсіріледі . Гоулберне қаласы қойға “ Үлкен меринос ” деп аталатын ескерткіш орнатылған .

▶ Құс шаруашылығы

- ▶ Ауыл шаруашылығының ең жана және ең қара дамып келе жатқан саласы .
Өнімнің қысқа мерзімде өндірілуі нарық сұраны бағыт - бағдар ұстауға мүмкіндік береді .
- ▶ Бүгінгі таңда құстың саны жөнінен Қытай , АҚШ , Ресей ,
- ▶ Жұмыртқа өндіруден Қытай , АҚШ , Жапония , Ресей және Үндістан ерекше көзге түседі .
- ▶ Тауарлы құс шаруашылығы , негізінен , қала мандарында шоғырланған .
- ▶ Табиғат жағдайларының ерекшеліктеріне сәйкес , Африка мен Азияның шөлді аудандарында түйе мен екі өсіру , Орталық Азияның таулы аудандарында қодас одіру , солтүстіктегі тундра зонасында бұғы өсіру сияқты шаруашылықтар да кездеседі . Сонымен қатар омарта шаруашылығы , жібек шаруашылығы , аңдардың кейбір түрлерін (әсіресе терісі бағалы аңдар : түлкі , сусар , бұлғын және т . б .) , крокодил мен түйеқұс (страус) өсіру сияқты арнаулы шаруашылықтар да бар


▶ Балық шаруашылығы

- ▶ Дүниежүзілік шаруашылықтың ең ежелгі және ең маңызды саласы .
- ▶ Балық аулау теңіз жағалық елдерінің барлығында таралғанымен , дүние Үзінде ауланатын балықтың жартысынан астамы алты елдің – Жапон , АҚШ , Чили , Перу және Ресейдің үлесіне тиеді .
- ▶ Балықтар матеріктік мұхит арыстары түйіскен аудандардан көбірек айрандар мен жылы және суық мұхит алыстар аудың негізгі ауданы Атлант мұхитының ауланады

4. КӨЛІК ГЕОГРАФИЯСЫ

- ▶ Темір жол
- ▶ мүлде жоқ елдер: Ауғанстан, Непал, Кариб теңізі жағалауы елдерінде, кқбінесе ат арба, адам күші. Теміржолдың ұзындығы жөнінен де АҚШ алда келеді . Бірақ жолдардың жиілігі Батыс Еуропада өте жоғары

Дүниежүзілік көлік жүйесінің ұзындығы, млн км



1) тасжол

2) әуе жолы

3) мұнай құбыры

4) теміржол

5) газқұбыры

6) су жолы

▶ **Автомобиль**

- ▶ Бұл көрсеткіш жөнінен әсіресе АҚШ айрықша көзге түседі : мұнда 1000 адамға шаққанда 600 автомобильден келеді .
- ▶ Автомобиль жолдарының ұзындығы жөнінен де (5 млн км - ден асады) АҚШ жетекші орын алады. Ал жолдардың жиілігі жөнінен Батыс Еуропа мен Жапония алға шығады .

Кейбір елдердегі теміржол мен автомобиль жолдарының ұзындығы, мың км

Елдер	Теміржол	Автомобиль жолдары (қатты жабындылы)
АҚШ	226	5640
Ресей	86	730
Қытай	66,2	2144
Үндістан	64	1287
Франция	33,8	1041
Германия	33,7	644
Жапония	20	968

▶ Кеме жолы

- ▶ Теңіз көлігінің үлесіне елдер арасындағы жүк тасымалының 80 % - ы , дүниежүзілік жалпы жүк айналымының 60 % - ы тиеді .
- ▶ Теңіз жүк тасымалындағы жетекші елдер қатарынан Панама , Либерия , Грекия Кипрді көруге болады .
- ▶ Ірі сауда кемелерінің үлесі: Ұлыбритания , Жапония , Норвегия , АҚШ , Ресей , Қытай елдерінде де жоғары . Теңіз жолының ежелден белгілі ауданы - Атлант мұхиты . Ірі порттары Роттердам (Нидерланд) , Жаңа Орлеан (АК . Марсель (Франция) . Гамбург Соңғы кезде Азияның жаңа индустриялық елдерінің қарқынды дамуы тын және Үнді мұхиттарындағы теңіз жолдарын игеруге мүмкіндік беруде . Бұл аймақтағы халықаралық маңызы бар ірі порттар қатарына Кобе , Нагоя , Иокога (Жапония) және Сингапур жатады

Кеме жүзетін ірі каналдар

Каналдың аты	Тереңдігі, м	Ені, м	Ұзындығы, км	Орны
Суэц	16,2	120—318	161	Жерорта теңізі — Қызыл теңіз
Панама	12,5	150—305	81,6	Атлант мұхиты — Тынық мұхит
Киль	11,3	104—214	99	Солтүстік теңіз — Балтық теңізі

▶ Құбыр көлігі

- ▶ Соңғы жылдары мұнай өндірудің байланысты жедел қарқынмен дамуда .
Ұзындығы 4 , 5 - 5 мың км болатын мұнай және газ тасымал дайтын құбырлар
Ресей , Канада , АҚШ жерінде орналасқан . Құбыр көлігінің үлесіне жүк
айналымының 10 % - ы тиесілі

▶ Өзен - көл көлігі

- ▶ Көбінесе жеке елдердің , сондай - ақ халықаралық жүк тасымалының да бір
бөлігін қамтиды .
- ▶ Еуропада Рейн , Дунай , Эльба , Одер , Америкада Әулие Лаврентий ,
Парана өзендері мен Ұлы көлдер ірі халықаралық су жолдары болып
саналады .
- ▶ Біздің еліміздегі Каспий теңізінің де осындай маңызы бар



- ▶ **. Әуе көлігі**
- ▶ Көліктің ең жаңа және қарқынды дамып келе жатқан түрі . Әуе көлігі көбінесе жолаушы тасымалы мен тез бұзылатын (жемістер мен көкөністер) жүктерді тасымалдауда үлкен маңыз алуда .
- ▶ Олардың қатарында көбінесе халықаралық әуе тасымалын қамтамасыз ететін " Боинг - 747 " (АҚШ , " Ил - 86 " (Ресей) , " Аэробус " (ГФР - Франция - Ұлыбритания) ,
- ▶ жылдамдығы 2 - 3 мың км / сағ - қа жететін " Конкорд " (Франция - Ұлыбритания) ұшақтары бар .
- ▶ Әуе көлігі ең күшті дамыған елі - АҚШ , ол дүниежүзіндегі жолаушылардың 60 % - ын тасымалдайды .
- ▶ **Дүниежүзіндегі ең ірі әуежайлар** - " О " Хара " (Чикаго) , Даллас , Лос - Анджелес , Атланта , " Хитроу " (Лондон) , " Ханеда " (Токио) және т . б .